



ШЫН ҚУАНЫШТЫ СӘЛЕМ

Мен Алма-Ата қаласындағы СТС клубының драма кружогында жүргенде, Қазақ мемлекеттік драма театры шақырды. Бұл 1929 жылдың жазғы тұсы еді.

Театрға келіп, сахна техникасына төселе бастадым, көбінесе әнге, музыкаға құмарттым, бірақ шарықтап көтерілерлік жағдай жасалмады. Көркемөнердің сырын терең түсіне алмаған шалағай басшылар қазақтың халық әндерінің сөзін алып тастап, «жаңа» сөзбен айтқызды. Ол «жаңа» сөздері бір былық болып шығатын. Әрине, мұндай «жаңалық» көркем әннің сапасына нұқсан келтіруші еді. Бұл – жүзден бір ғана факті.

Рас, бүгін театр кездескен ауыр қиыншылықтардан құтылды, творчестволық өсу жолында үлкен табыстарға ие болды. Театр түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ көркемөнері жұмысына талай тамаша өнерпаз кадрлар дайындады. Мен де алғаш сол театрдың сахнасында өскен адаммын.

Театрдың басшыларының, мамандарының, бүкіл творчестволық коллективінің 10 жылдық мерекесіне шын қуанышпен құтты болсын айтамын.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 13-14 б. – (Меретойлық әдебиет).